



«20» қыркүйек 2022ж.

**2022-2023 оқу жылында №27 «Мәртөбе» жоббм ББЖМға дайындық бойынша іс-шара ЖОСПАРЫ**

№	Атқарылатын іс-шаралар	Іс-шараның өтілу тәсілі, күтілетін нәтиже	Орындаушылар	Өтетін мерзімі
1	ББЖМ форматын таныстыру	1.1. ББЖМ-ның негізінде 9-сынып оқушыларын онлайн тестілеуге дайындау мақсатында жоспар құру.	Абитаева Г.К.	Қыркүйек
		1.2. 9 сынып жетекшілер мен негізгі пәндерден сабақ беретін мұғалімдерге ББЖМ-ның ережесімен таныстыру мақсатында семинар өткізу.	Абитаева Г.К. ӘБ жетекшілері	Қыркүйек
		1.3. 9 сынып оқушыларына ББЖМ-ның ережесімен таныстыру мақсатында семинар өткізу.	Абитаева Г.К. 9 сынып жетекшілері	Қыркүйек
		1.4 9 сынып оқушыларына ББЖМ-ның ережесімен таныстыру мақсатында семинар өткізу. Оқушыларға ББЖМ туралы үлестірме қағаз тарату, оқушыға, ата-аналарға арналған жадынама әзірлеп, тарату.	Абитаева Г.К. 9 сынып жетекшілері Пән мұғалімдері	Қыркүйек
		1.5 Мектеп фойесіне ББЖМ бұрышын жасақтау.	Абитаева Г.К.	Қыркүйек
2	Ұйымдастыру жұмыстары	2.2.1. 2021-2022 оқу жылындағы 9 сынып оқушыларың деректер базасын құру	Абитаева Г.К. Сынып жетекшілер	Қазан
		2.2.2 ББЖМ-ға пәндер бойынша дайындық жұмыстарының іс-шара жұмыстарын құру, бекіту.	ӘБ жетекшілері Пән мұғалімдері	Қазан
		2.2.3. 9 сынып оқушыларына психологиялық тұрғыдан қолдау көрсету мақсатында мектеп психологтарының жоспарын бекіту, оны іске асыру.	Абитаева Г.К. Мектеп психологы А.Бекмолдинова	Қазан-сәуір
		2.2.4. 9 сынып оқушыларының дайындық деңгейін анықтау мақсатында сынама тестілеу жұмыстарының кестесін түзу, бекіту.	Абитаева Г.К. 9 сынып жетекшілері	Қазан
<b>ББЖМ-ға дайындық бойынша</b>				
3	Білім сапасын арттыру бойынша жұмыс	3.1.1. Математика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылық, логика, сандық салыстыруға арналған тапсырмаларды орындау қабілетін жетілдіру мақсатында байқау тест ұйымдастыру	Абитаева Г.К. ӘБ жетекшісі Тулешова С.С. Математика пән мұғалімдері	Қосымша сабақтар кестесіне сәйкес
		3.1.2. Оқушылардың мәтінді түсіну, мәтін мазмұнына рефлексия жасай білу, салыстыру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізу	Абитаева Г.К. ӘБ жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі ағылшын тілі пәні мұғалімдер	Қосымша сабақтар кестесіне сәйкес
		3.1.3. Оқушылардың пәнді терең білуі, кең ауқымды дағдылануын қалыптастыру мақсатында ЖМЦ пәндерден жүйелі түрде тестілеу жұмыстарын ұйымдастыру	Абитаева Г.К. Сынып жетекшілері ӘБ жетекшілері Пән мұғалімдері	Қосымша сабақтар кестесіне сәйкес

Орындаған Г.Абитаева

## Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 24 шілдедегі (2021 жылғы 8 қаңтардағы өзгерістер және толықтырулармен) «Білім туралы» Заңының 55-бабының 4-тармағына сәйкес Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау Бастауыш және негізгі орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (бұдан әрі – ББЖМ) болып өзгертілді.

Бастауыш және негізгі орта білім беру ұйымдарында ББЖМ білім беру ұйымдарынан тәуелсіз, оқыту сапасын жүйелі бақылау, бастауыш және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында жүзеге асырылады.

ББЖМ әдістемелік көмек көрсету және білім беру сапасын қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар әзірлей отырып, дайындық пен өткізуді, тестілеу нәтижелерін өңдеу мен жүйелі талдауды қамтиды.

ББЖМ 4-сыныптарда кешенді тестілеу нысанында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) қолдана отырып, оқыту тілінде функционалдық сауаттылықтың үш бағыты: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша жүргізіледі.

4-сынып оқушыларына арналған тесттің құрылымы:

Оқу сауаттылығы – 10 тест тапсырмасы;

Математикалық сауаттылық – 12 тест тапсырмасы;

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық – 8 тест тапсырмасы.

Тест тапсырмаларының формасы: бір дұрыс жауапты таңдауға арналған.

Тестті орындау уақыты – 75 минут (1 сағат 15 минут).

Максималды балл – 30.

ББЖМ 9-сыныптарда кешенді тестілеу нысанында АКТ қолдана отырып, функционалдық сауаттылықтың үш бағыты: математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық, оқу сауаттылығы (орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде мәтіндер) бойынша жүргізіледі.

9-сынып оқушыларына арналған тесттің құрылымы:

Оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі), әр тіл бойынша 10 тест тапсырмасы, барлығы 30 тест тапсырмасы;

Математикалық сауаттылық – 13 тест тапсырмасы;

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық (физика, химия, биология, география), әр пән бойынша 2 контекст негізінде 8 тест тапсырмасы, барлығы 32 тест тапсырмасы.

Тест тапсырмаларының формасы: бір дұрыс жауапты таңдауға арналған.

Тестті орындау уақыты – 150 минут (2 сағат 30 минут).

Максималды балл – 75.